

С.К. Турганбеков

## Ч.С.ПИРС ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ КҮМӘН МЕН СЕНІМ – ОЙЛАУ ФОРМАСЫ

Чарлз Сандерс Пирс (1839-1914) – америкалық философ, логик, математик, жаратылыстанушы. Семиотиканың негізін қалаушылардың бірі (танбалар туралы ғылым). Қазіргі математикалық логиканың көптеген идеялары мен ұғымдарын дамытты. «Пирс, күмәнсіз ұлы философ болды... – деп жазды Бертран Рассел. – Ол тасып жатқан вулканды еске түсіреді, ал зерттеуде алтынның негізгісі болды» [1, 470 б.].

Ч.С. Пирс 1839 жылы 10 қыркүйекте туылды. Ол Гарвард университетінің профессоры, сол кездегі керемет математик Бенджамен Пирстың екінші ұлы.

Ч. Пирс өзінің бейімділігін логикадан тапты. Он үш жасында Уэтлиндің «Логика элементтерін» оқиды. Логика тарихы мен сол кездегі шығармаларды ол өте сүйіп оқитын болады.

Пирстың логика мен философияға қатысты алғашқы мақалалары 1867-1868 жж. жариялана бастайды. Оның логикалық жұмыстары аз ғана ғалымдардың назарын аударып, философиялық қырлары мүлдем аңғарылмай калды.

1870 жылдың басында Ч.Пирс және бірнеше академиялық қызметкерлер дискуссиялық топ құрады, Ч.Пирс оны өз естелігінде «Метафизикалық клуб» деп атайды. Бұл топқа математик, жаратылыстанушы және философ Райт, юрист Холмс (АҚШ Жоғарғы сотының мүшесі және құқықтың ірі прагматикалық теоретигі), физиолог және психолог Уильям Джемс, тарихшы және әлеуметтанушы Фиске, теолог және философ Эббот, тағы бір юрист Грин және т.б кіреді. «Клубтың» ұйымдастырушысы Ч.Пирс, ал идеялық негізі - Райт болды.

«Клубтың» бір отырысында Ч.Пирс өзінің негізгі идеялары болып табылатын таным теориясы бойынша доклад жасайды. Ол идеялық негіздер кейін прагматизм ілімінің ядросына айналды. Бұл доклад қайта түзетіліп, 1877-1878 жж. журналда екі мақала болып жарияланады. Олар: «Сенімнің бекітілуі» және «Идеямызды қалай анық етеміз».

Кейбір адамдар болмаса, көптеген адамдар логика ғылымымен айналысқысы келмейді. Әйтсек те, біздің ғылыми жұмысымыз логикалық жағынан дәлелді секілді. Өйткені, біздің ғылыми жұмысымыздағы сілтемелердің өзі анау айтарлықтай дәлелді қажет етпейді. Себебі, сілтеменің сипатын бір аты шулы, еңбегі сіңген, атақ-даңққа ие ғалым жазып кеткен. Басқалар оның еңбектерін сілтеме немесе қосымша құрал ретінде пайдаланады. Ортағасырлық схоласти-

кадан айырмашылығымыз, біз ғылыми тұрғыда жазып отырмыз деп күмәнімізді сейілтеміз. Бұл біздің ғылыми сенімдеріміздің бірі болып табылады. Осыдан біздің гуманитарлық ғылымдардың ғылымилығы осында ма? – деген сұрақ туындайды. Қазіргі біздің гуманитарлық ғылымның практикалық әдістері мен тәсілдері, методтары қандай? Егер болса, қандай болуы тиіс?

Кез келген гипотеза теориялық тұрғыда анықталып, практикада дәлелденсе немесе керісінше, онда ол ғылыми болып табылады. Ғылыми деп тұжырымдап жүргендеріміз белгілі уақыттарда өз күшінен айрылады. Яғни тұрақты бола бермейді. «Кез келген ғылыми жұмыс бірнеше ұрпаққа естелік ретінде қалдыруға сондай мағыналы, мәнді және сол кезеңнің логикалық пайымдаулары жайлы түрлі ойлар береді, олардың әрбірі ғылымға деген бір тамшы болса да үлес қосты деп танымыз» [2, 236 б.]. Яғни кез келген ғылыми жұмыс өз кезегінде фальсификацияға ұшырап тұруы тиіс. Сонда ғана біз ғылымның дамуы болады деп айта аламыз. Ғылыми жұмыс сөз бен қиялдың, қағаз бетінде мәңгі қалып кетпеуі тиіс.

Пайымдауларымыздың мақсаты белгілініп айту ғана емес, сонымен қоса белгісізді де іздеу, оны мәселе ретінде қоя білу. Нәтижесінде белгіліден белгісізді шығару. Егер А сілтеме болса, В қорытынды деп есептейік, олай болса А-да В-да бар. Егер А жалған болса, В-да сондай болмақ. Ғылыми қорытынды біздің белгісізге деген күмәнімізді сейілтеді. Ол ойдың анықтылығы мен білімділігін береді. Егер магнитке үш бұрышты темір жабысатын болса, оған төрт бұрышты темір де жабысады. Яғни ұқсас қорытындылар ақиқаттың ортақ принципін береді. Дегенмен, кез келген ғылыми қорытынды тәжірибемен анықталып тұруы тиіс. Сонда ғана объективтілікке жақындай түсеміз.

Пайымдауымыздың мәні күмәннен сенімге қарай немесе керісінше болмақ. Кейбір логикалық пайымдаулардың санамызда сенім орнатқаны сондай, тұрмыс-тіршілігімізге еніп, оларды ақиқат деп санаймыз. Айтпағымыз олардың сапалық жағының уақыт кеңістігіне немесе уақыттан тыс болсын жағы ақиқат па, әлде жоқ па, оған мән бермейміз. Олардың танымымызда орнап алғаны сондай, олардан айрылғымыз да келмейді, жаңаға сын көбен қараймыз. Ескінің жаңамен толығыуы, прогрестің көрінісі екені анық. Күмәнмен қарау немесе анықталу дегеніміз бағыттың болмағандығынан емес, ол – ізденіс, еңбек. Не нәрсеге сеніп отырғанымызды

білуіміз тиіс. Күмәнмен ғылыми тұрғыда дәлелденіп келген білім белгілі кезеңге дейін адам санасы мен ойына жұбаныш пен тыныштық береді. Белгілі уақытқа дейін ақиқат орнап, күмән сейіледі де сенім орнайды. Егер адамдардың барлығы жұмақтың бар екеніне (оның ақиқат екеніне) көздері жетсе, олардың барлығы діндар болып кетер еді.

Белгілі бір уақытта күмән сенімге қайта шабуыл жасайды. Ол тікелей «ғылыми зерттеумен» байланысты болуы тиіс. Өйткені, оның «ғылыми зерттеуден» тыс тұстары болуы да мүмкін. Дегенмен, сенім мен күмән күресі. Тек ойлау ғана күмән сұрақтарына жауап беріп, сенім жағына шығып кетсе, екінші жағынан ойлаудың өзі күмәнді туындатады. Сонда ойлаудың табиғаты қандай? Күмәнмен күрес басталса, ойлаумен ол тоқталады. Біздің сеніміміз ол ақиқат деп ойлағанда ғана нық болады. Ал басқалары жалған болмақ. Және де өз құқығымыз өз сенімімізді теріске шығаруға. Мұндағы ақиқат бізді қаншалықты дәрежеге дейін қанағаттандыра алуына байланысты. Зерттеудің негізгі деңгейлерін Ч.С.Пирс былай бөліп көрсетеді:

1) Түрлі сұрақтар қою арқылы әрбір нәрсеге күмәнмен қарау.

2) Талқылауды қажет етпейтін және дәлелденіп қойылған нық бағыттардың болуы.

3) Егер күмән тоқталса, онда зерттеу де тоқталады. Күмән тоқталмаса, зерттеу жалғасады [2, 245-247 бб.].

Сенімнің адамға жұбаныш беретінін айттық және күмән сейілгенде сенім болады. Біздің сеніміміз барлық жайттарға тән емес. Ол игілікке негізделген. Зерттеуде Ч.Пирс негізгісі ғылыми метод екенін және одан бөлек үш методтың барлығын айтады. Біріншісі, *қажырлылық* (немесе табандылық) методы. Қолымызбен отты ұстасақ қолымыз күймейді деп сенсек, ол қателік. Сондықтан да ондай сенімнен аулақпыз. Осыған ұқсас сенімдер де бар, олар адамдарға өз деңгейінде жұбаныш бергендіктен, ол оған сенген адамдардың ісі. Мысалы; жұмақтың бар екеніне сеніп, т.б. себептерге қатысты діндар болып кеткен адамдар бар. Олар арғы өмірді ойлап, діннің шарттарын орындайды, өздеріне жұбаныш табады. Діни білімі жоқтарға діни хабар береді т.б. Мұндай метод практикада өз бағытын жоғалтып алады.

Екіншісі, *бедел* методы. Бұл метод адамдардың көп қырлы пікірлерінің түйіні ретінде жеке беделді адамның қорытынды түйін сөзі. Көпшіліктің сол қорытындыға тұруы, бағынуы, сенуі. Қажырлылық методынан айырмашылығы ол көбіне саясатта кездесіп, әлеуметтік сезімдерді жұбатады. Қоғамдық нормалардың өзі де оған икемді болады.

Келесі методтың бір түрі, *априорлы* метод. Априорлы методты Ч.С.Пирс былайша түсіндіреді: егер Х деген болса, ол алдамайды дейік. Біз оның алдамайтындығын қайдан білеміз? – деген сұрақ туындайды. Яғни біздің ойлаған Х ақиқат па, әлде жоқ па? Ол не ақиқат, не жалған. Априорлы методтың негізгі формуласы осындай.

Төртіншісі, *ғылыми* метод. Ол интеллектуалға, ақыл-парасатқа негізделген метод. Ғылыми методтың негізгі шарттары:

1) Метод пен концепция гармонияда болуы тиіс. Егер Х болса, ол тәжірибеде анықталады. Яғни гипотезаны айғақпен дәлелдейді. Сондықтан да, ол практикалық жағынан дәлелденіп, күмәнді сейілетеді.

2) Әрбір методтың негізі сенімді тұрақтандыру болса, оның бір көрінісі кемінде екі болжамның орын алуына байланысты. Көптеген болжамдардың біреуі ғана көрініс табады. Егер оған кімде-кім күмәнданса, ол қанағаттанбаушылықтан емес, ол жай ғана күмән. Және әлеуметтік импульс күмәнмен қабылдағанымен оны қабылдайды.

3) Ғылыми методты көптеген жайттарда пайдаланады және ол қажетсіз болғанда пайдалануды доғарады.

4) Методты пайдалану тәсіліне мен күмәнмен қарамасам да, өзгенің жекелей тұрғыда күмәнмен қарап, қажет болса (солай ақиқат болса) өзінше дәлелдеуіне де құқығы бар. Себебі, ол тәсілдердің жаңа қырларының ашылуына алып келеді.

Дегенмен, алдыңғы үш методтардың ғылыми методпен салыстырғанда түкке тұрғысыз деп айтуға болмайды. Олардың да өздеріне тән мәртебелері мен тиімділігі жеткілікті. Логика өзгелерді сынамайды, керісінше оларға құрметпен қарайды. Ол тарихтың, тағдырдың, өзгелердің соққысына жығылса да кешірімді. Ол тек адамдардың игі бастамаларына ғана қызмет етеді. Әрқашан бейтарап маятник.

Осындай методтардың (өзге де методтардың бар екенін жоққа шығармаймыз) арқасында бізге белгілі бір уақытқа дейін сенім ұялайды. Методтардың ең негізгісі және ақиқатқа жақыны ғылыми метод екенін жоғарыда айттық. Ол біздің іс-әрекетіміздің дұрыс немесе бұрыс екенін көрсетеді.

Анық және оған қарсы қараңғы немесе бұлыңғыр ұғымдар бар. Анықтық деп біз дәлелдемесі бар және әрдайым дәлелді идеяларды айтамыз. Егер дәлелдемесі жоқ болса, ол қараңғы немесе бұлыңғыр идея. Логиканың мәні де осы анық идея мазмұнымен сәйкес келуі. Бірақ, логика анық идеяға алып баратын жол болуы тиіс. Логика біздің идеямыздың анық

болуына әсер етеді, ол бізге мән-мағынаға толы білім береді. Мағыналы, салмақты ойлаудың негізі. Қараңғылық пен бұлыңғыр орта ғасырлар заманы кетті. Ескінің жаңа қырлары, ХХІ ғасыр есігіміздің алдынды. Әрбір минут, секунд сайын онымен ұшырасамыз, тілдесеміз, тіптен өмір сүреміз. Тек анық ойлау ғана қалды.

Сенімнің орнығуы ойлау функциясына қатысты. Сенімді қалыптастырушы да ойлау екенін жоғарыда айтқанбыз. Шешім алдында күмән туындайды. Күмән сәтінде не істеу қажет? Күмәнданғанда сенімсіздік қалыптасады. Сенбесек, ол ойға жатпайды. Ч.Пирс бойынша сенім дегеніміз: біріншіден, біз мойындаған әлдене бір нәрселер, екіншіден, күмәнімізді сейілткіш, үшіншіден, біздің табиғатымыздың іс-әрекеттер ережелерін нұсқаушы немесе *әдет* деп айтамыз [2, 274 б.]. Сенім – ойлау мотивін туындататын күмән серпілісін басады. Сенім болғанда ойлау тыныштыққа кетеді. Сенімнің іс-әрекет ережесі: болашақтағы іс-әрекет пен ойлауды алып жүреді, ал бастама нүктесі ойлау болып табылады. Сенім ойлаудың танымдық күйі, ойлау – іс-әрекет. Ойлаудың қорытындысы – ойлаудың өзі қатыспайтын ырық актісі, ал сенім тұйық іс-әрекет, ол біздің табиғатымызға оймен ықпал ететін және болашақтағы ойлауға ырық беретін әлдебір эффект. Сенімнің мәні әдетті қалыптастырумен байланысты және түрлі сенімдердің бір-бірінен айырмашылығы іс-әрекет тәсілдерінің әртүрлі болуында. Бұғауланған адам тұтастығынан айрылатыны секілді біздің ойлауымыз да түрлі жалған сенімдермен бұғауланады.

Прагматизм теориясының аясында, Ч.Пирс өзінің шынайылық концепциясын анықтап көрсетті. Оның ойынша шындық - ол біздің сенім. «Егер біздің «ақиқат» және «жалған» терминдеріміз күдік және сенім терминдерімен анықталатын болса, онда бәрі жақсы, бірақ бұл жағдайда сіздер тек күдік пен сенім туралы айтып отырсыздар... «Ақиқатты» танып білемін деп айтудың орнына, сіздер жай ғана ешқандай күдіксіз сенімге ие болғым келеді десеңіз, онда

сіздің проблемаңыз әлде қайда жеңіл болар еді» деп, жазды Ч.Пирс [3, 262 б.]. Демек, кез келген адам үшін шындық - бұл қандай нарсеге сеніммен қараса, сол шындық болып есептеледі. Сонымен қоса, Ч.Пирс шындық ғылымда біреу, ол бір адамнан екінші адамға өзгеріп отырмайтындығын айтады. Ғылымда шындық біреу болғанымен қателесулер де болып тұрады. Белгілі бір уақытқа дейін шындық деп саналып келген нарселер, соңында шындыққа жанаспауы мүмкін. Ч.Пирстің ойынша, біздің сенімдеріміздің жалған болып шығу мүмкіндігіне қарамастан, оларға сенсек, онда олар өзіміз үшін абсолютті шындық болып қала береді. Ч.Пирс үшін шындық - бұл ақыр аяғында ғалымдардың басым бөлігі мойындайтын сенім.

Сонымен қоса, Ч.Пирс – семиотиканың негізін қалаушылардың бірі, ол таңбалардың типологиясы мен атқаратын қызметтерін зерттеді және «фаллибилизмді» – (барлық ғылымның кемшіліктерін оқыту) қарастырды. Оның логикалық еңбектері математикалық логиканы қалыптастыру кезінде орасан зор үлес қосты.

1. Мусский И.А. *Сто великих мыслителей*. – М.: Вече, 2004.

2. Пирс Ч.С. *Избранные философские произведения*. Пер. с англ. / Пер. К.Голубович, К.Чухрукидзе, Т.Дмитриева. – М.: Логос, 2000. – 488 с.

3. Блинников Л.В. *Великие философы: Учебный словарь-справочник*. 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Издательская корпорация «Логос», 1997.

\*\*\*

В этой статье рассматривается философия прагматизма Ч.С. Пирса, и основные его идеи: логическое мышление и научный метод.

\*\*\*

This article reviews the book by Charles Peirce's philosophy of pragmatism and discusses the main problems: of logical thinking and scientific method.

*К.А. Швыдко*

## МУЗЫКА И XX ВЕК: ПЕРЕЛОМНЫЙ МОМЕНТ ФИЛОСОФСКИЕ РАССУЖДЕНИЯ

Философствуя о новой и новейшей музыке, в первую очередь необходимо вспомнить те предтечи музыкальной культуры, какие были

коррелированы, а вернее сказать, вычленены в начале XX века. Хотя, конечно, предпосылки предпосылок уведут нас корнями в класси-